

REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 5 (2014), 178 – 180

UDC 574:159.951

PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE

G.T. Toiguliyeva

**Key words.** vocabulary, Kazakh language, literature, research, modular training.

**Abstract.** Vocabulary is a central part of language, naming, forming and transmitting knowledge about any objects, phenomena.

In order to use professional Kazakh language in innovative technologies in parallel with system modular training is given much attention. To study professional Kazakh language it is necessary to examine the «Kazakh language» subject, then according to the modular training system to study «Professional Kazakh language». It is therefore advisable to maintain the subject by specialist-philologists. Increasing scope of human knowledge, first of all, consolidates in words and their meanings, thus lexical acquisition in language becomes more and more. Education, science, technology—all these create a new type of modern society (information), which forms the new language style — the style of information development epoch.

УДК 574:159.951

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Г.Т. Тойгулиева

**Тірек сөздер:** Лексика, қазақ тілі, әдебиет, зерттеу, модульдік оқыту.

**Аннотация.** Лексика деп – әдетте тілдегі барлық сөз қорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым; яғни тіл білімінің сөз мағынасын, онын, шығу тегін зерттейтін сала. Кәсіби қазақ тілі инновациялық технологияны кең қолдану мақсатында модульдық оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Кәсіби қазақ тілі оқытып меңгерудің алдында оқушы «Қазақ тілі» пәнін оқып үйренуі керек, содан кейін модульдік оқыту жүйесі бойынша «Кәсіби қазақ тілін» оқып үйренеді. Осы тұрғыдан алғанда бұл пәнді жүргізу филолог мамандардың құзырында болғаны жөн.

Лексика, лексикология және стилистика — бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Лексика деп — әдетте тілдегі барлық сөз қорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым; яғни тіл білімінің сөз мағынасын, онын, шығу тегін зерттейтін сала. Ал стилистика әр түрлі стильдерді, мысалы, әдеби тілдің стильдерін, сөйлеу және көркем әдебиет стильдерін зерттейді, әр алуан тілдік құралдардың экспрессивтік-эмоционалдық қасиеттерін талдайды. Қазақ тілінің сөз қоры лексикология тұрғысынан мынадай бірнеше негізгі салаға бөлінеді: байырғы сөздер (бұл әдеби тіліміздегі ең үлкен, басты арна), араб, парсы тілдерінен ауысқан, монғол тілінен, туыстас кейбір түркі тілдерінен келген, орыс тілінен және сол арқылы шетелдер тілінен еңген терминдер мен түрлі жана сөздер. Ал лексиканы тілдегі жалпы стильдер тұрғысынан жіктейтін болсақ, әлгі санап өткен салаларды енді мүлдем басқаша топтауға тура келеді. Өйткені осы аталған әр алуан тіл қабаттарын қай-қайсысы да стилистикамен тығыз байланысты. Бір де бірі одан сырт емес. Рас, сала-сала бұл сөздердің әдеби тіл, сөйлеу, көркем әдебиет стильдеріндегі қолданылу дәрежесі бір келкі емес, түрлі - түрлі болып келеді. Олардың белгілі бір қолданылу аясы, өзді-өзіне лайық стильдік қызметі бар. Кәсіби қазақ тілі инновациялық технологияны кең қолдану мақсатында модульдық оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Кәсіби қазақ тілі оқытып меңгерудің алдында оқушы «Қазақ тілі» пәнін оқып үйренуі керек, содан кейін модульдік оқыту жүйесі бойынша

«Кәсіби қазақ тілін» оқып үйренеді. Осы тұрғыдан алғанда бұл пәнді жүргізу филолог мамандардың құзырында болғаны жөн. Кәсіби қазақ тілін үйрету мақсаты – коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсібибағдарға дайындықты қамтамасыз ету қажет. Оқу үрдісінде инновациялық технологиямен жұмыс істеу үшін алғышарттар қажет: ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, оқу-әдістемелік кешендерді үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа оқулықтардың мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен танысу, білімді *деңгейлен*, *кәсіби бағытта* беру технологиясын игеру арқылы оқушыға білімді стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін *ізгілендіру* т.б.

Құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Сұрақ-жауап
- Диалог
- Ауызша қарым-қатынас, жазбаша қарым-қатынас (Түрлі әдіс тәсілді қолдануға болады).

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғышарттары болып келеді. Бұл әдістің түрлері оқу үдерісінде оң нәтижелер береді. Коммуникативтік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі. Кәсіби тіліне бейімдеп оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалануға болатындығын, тіл үйренушілердің өз саласында тілді қолдану қызметінде лексикалық минимумды анықтау қатысымдық қажеттілікті қамтамасыз ететін ерекшелік екендігін көрсетті. Тілді мамандыққа қатысты оқытудың тиімді тұстары:

- оқушылар қазақ тілін меңгеру арқылы кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуы;
- кәсібіне байланысты жинақталған сөздік қорды практикада таңдаған мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты жеткізу дағдысы қалыптастыру.

Ол үшін сөздік-минимумды таңдауда басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- Сөздің сөзжасамдық қабілеті;
- Сөздің көпмағыналық, омонимділігі, синонимдік;
- Сөздің мамандыққа байланысты қатысым-прагматикалық мақсатын ескеру. Сонымен қатар оқушылардың лексикалық және терминологиялық түсіндірме, фразеологиялық, аударма сөздіктер арқылы жүзеге асады. Шағын хабарлама жасау, жоспар құру, белгілі бір тақырыпқа шығарма, баяндама, тезис, реферат, конспект жазу тапсырмалары болашақ мамандардың жазбаша тілін дамытуда, сауаттылығын арттыруда, өз ойын, пікірін жеткізуде басты орын алады. Қазақ тілінің кәсіби мамандыққа бағытталған лексикасы мен терминологиясын оқыту әдістемесі сала мамандықтарына байланысты таңдап алынған лексиканы үйрету үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, дұрыс қолдан амал-тәсілдерін игерту (сөз→сөз тіркестері→сөйлем→мәтін); үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық тұлғаларды функционалды мақсатта байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысым-прагматикалық мақсатын ескеру қажет.

Кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау, білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі оқушы ертеңгі маман, іскерлік қарым-қатынас жағдайында жол таба білуге үйрету маңызды болып саналады. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру мақсаты басым. Бүгінгі күн талабы – мамандық таңдаудағы кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Қасым Б., Османова З. т.б. Кәсіби қазақ тілі. – Алматы, 2010. – 112 б.  
 [2] Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001. – 301 б.

## REFERENCES

- [1] Kasym B., Osmanova Z. t.b. Kәsibi қазақ тили. –Almaty, 2010. –112 b.  
[2] Қадасheva Қ. Зһаңаша зһаңғуртүр оқутудың ғулыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрішаналардағы қазақ тили: Ped. ғыл. док. ... diss. – Almaty, 2001. – 301 b.

## ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Г.Т. Тойгулиева

**Ключевые слова.** Лексика, казахский язык, литература, исследования, модульное обучение.

**Аннотация.** Лексика является центральной частью языка, именующей, формирующей и передающей знания о каких-либо объектах, явлениях.

В целях широкого применения профессионального казахского языка в инновационных технологиях параллельно системе модульному обучению уделяется большое внимание. Чтобы изучить профессиональный казахский язык нужно изучить предмет «Казахский язык», затем по системе модульного обучения изучить «Профессиональный казахский язык». Поэтому целесообразно ведение этого предмета специалистами-филологами. Нарастающая сфера человеческих знаний прежде всего закрепляется в словах и их значениях, благодаря чему лексических приобретений в языке становится все больше. Образование, наука, новейшие технологии – всё это формирует новый тип современного общества (информационное), в котором формируется новый языковой стиль — стиль эпохи информационного развития.

### КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Тойгулиева Гүлнүр Төретайқызы  
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,  
Мыңқазан ауылы, Б.Жылкелдин  
атындағы №30 орта мектебі